


Л2005
13647



Апбаз ҚАРАЖІГІТОВ

ӨНБЕГЕН ШЫРАҚ



Апбаз ҚАРАЖІГІТОВ

ӨНБЕГЕН ШЫРАҚ

әңгімелер мен повесть



Астана
2004

ББК 84 Қаз 7
Қ, 41

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Қаражігітов А.

Қ 41 **Сөнбеген шырақ.** Әңгімелер мен повесть: — Астана:
Фолиант, 2004. — 288 б.

ISBN 9965-619-89-1

Қарт қаламгер А. Қаражігітовтің бұл кітабындағы шығармалардың негізгі өзегі — қарапайым адамдардың өмірдегі орны, көңілдегі қоғамға деген көзқарастары болып келеді.

Жеңіл тілмен жазылған шығармалар өз оқырмандарын табары сөзсіз.

Қ $\frac{4702250200}{00(05)-04}$ 04

ТАНАСЫН
ББК 84 Каз 7

ISBN 9965-619-89-1

© Қаражігітов А., 2004
© «Фолиант» баспасы, 2004

Батырдың ұрпағы

Жәпектің мінезі ауыр жігіт. Бірақ, бүгін өзгеше рай көрсетіп, ауылдан шыға сөйлеп еді, содан бері жағы бір тынар емес. Биігіне — қоян сүйек, түйе сіңір, дүзген, исағыз, жалпылдақ, жусан, ойына тысықұйрық, қамыс, жиде өсетін өңір бүгінде, міне, қалың қар жамылып, ауыр ұйқыда жатқандай. Машинада мал дәрігері Жәпек екеуміз қатар отырмыз. Рульде — мен. Жүрдек жеңіл машина оппа қарды онша елемей, зырғып-ақ келеді.

Екеуміздің бір-бірімізге үйренісіп, бауыр басып кеткеніміз сонша, қай нәрсе жөнінде болса да ашық сөйлесіп, кейде тіпті, еркіндеу кетіп те қала береміз. Машинаның түрілінен Жәпектің аңгімесінің бірін естісем, бірін естімеймін. Темекіні еміне сорып, көк түтінді будақтатып келемін. Ара-тұра ол:

— Осы бір әдетің-ай сенің, тамақ бола ма бұл пәле? — дейді, машина ішіне тұнып қалған көк түтінді қолымен желшіп, — тасташы өкпені қаптырмай!

— Бекер айтасың. Өзің сары майды қарынымен, құйрықты білем деп асап жатқанда, отырмыз ғой біз де.

— Тәйірі сол сөз болып па? Жесең май же. Мынау у емес пе, — ықылықтап, қиқ-қиқ күліп, төңкерілген қарынын «Міне, айтқаның мынаның ішінде жатыр» дегендей құшақтап, көтеріп қойды. Түріне қарасам, быршып терлеген, бұғағы мен мойыны жылт-жылт етеді. Беті табадан жаңа шыққан нандай қып-қызыл. Сыртының тозығы жеткен, бірақ іші дәрі-дәрмектен бір босамайтын қара сумкасын біреу алып кететіндей, менің оң жамбасыма сүйеп жатып, сөзін қайта жалғаған ол:

— Тыңдап ал, сендерге ата-баба тарихын айтпаса бола ма? — деді, бұл жерде өзінің маған аз-мұз бастық екенін аңғартқысы келгендей.

— Әйтеуір машинаның руліне ие болдым деп, зердесіз жаңдай кекжие берме, білген жақсы, айта жүр. Тегі мықты төгін болмайды. — Мұнысы мақтанғаны.

— Иә, бұл өткен тарихымен де сан ұрпақтың құтты бесігі болған жер. Баяғы заманда аталарымыздың жатжұрттық жауларға арыстандай ақырыш, талай түре тиген киелі дала-сы, талай дұшпанның желкесін қиып жеті қыр асырған, тарихының куәсі бұл, — дейді майлы шүйдесін ыспалай сүртіп. — Бірде, — деді қыза сөйлеп, — ел болған соң батырсыз бола ма, жаңсарлас отырған елдің бір батыры, қасында бір топ адамы бар, жолы түсіп, біздің елге қонақ бола келіпті. Атамыз батыр болған ғой. Ежелден дастарханы жиылмаған қазақ емес пе, келген қонақты түйе сойып қарсы алып, қонағасы беріпті десеңді.

— Әй, сені сол шіркіннің қомына кезіктірер ме еді? — деймін әзілдеп.

— Түу, бұл енді өстіп жағаласады да отырады. Тыңдасайшы, құлақ қойып, — қабағы кіржиіп, ренжіп қалды.

— Сонымен не керек, ертеңіне әлгі бір топ қонақтар аттаныпты. Бұл кез ақпан мен қаңтардың аңілеп-уңілеп тұрған кезі болса керек. Құрметті қонағын ұзатып салмаққа батыр атамыз да дағдылы әдетінше ауылдан жалаңбас шығыпты. Өзі қас-қабағы қалың, сақал мұрты ерекше түкті кісі екен. Үскірік аязда ол кісінің бет-ауызын ақселеу қырау басып кетсе керек. Денесі қызулы адам ғой, анда-санда қамшысының сабын өрімімен қоса ұстап, құлағына сүңгі боп қатқан мұзды... — дей берді де:

— Әй, әне-әне, кетті! Бас-бас, — деп бар даусымен баж ете қалды.

Қол-аяғы ербеңдеп, өкпесі қысылғандай абдыраған ол жанымыды шығара жаздасын. Үлкендігі марқа лақтай ақ қоян жолымызды кесе көлденеңдеп, қалың жынысқа қарай зытып барады. Соңында тілі салақтаған сұр қасқыр. Қасқыр болғанда анау-мынау емес, арқасында жалы бар, талыстай дөудің өзі...

— Айдалада қалармыз. Мезгіл қыс...

— Есің жоқ сенің, қыл сағадан тұзаққа түскен олжаны қалай жібереміз, кәне, бас дегенде бас! Әрі бұл жауызды қоя берің, — деп иығымен нұқып қалды.

— Жолсызда?

— Әй, ештеңе емес. Қасқыр қалың қарға малтыш, жүгіре алмай бара жатқан жоқ па?

Менің де делебем қозып кетті. Қасқырдың соңына түсіп бердім. Бірақ мені қуып келеді-ау, осылар бір зиян істейді-ау дейтін қасқыр жоқ, тіпті артына да қарамайды. Есіл-дерті қоянда. Бір рет шалып аузына түсіре алмай, ағып ілкері өтіп кетті. Тағы да ұмтылып, аузын сала бергенде, Жәнеп те мылтық шүріппесін басып жіберді. Бір қаңқ еткен қасқыр үш домалап кетті. Соншалық жылдамдықпен атып тұрып, өзін әрлі-берлі лақтырып жүр. Өз денесін арс-арс қауыш, азу тісі сақ-сақ етеді. Әп-сәтте қызыл-ала қан болды да қалды. Мен көрмеген жанталас. Жыртқыш болса да дәтім шыдамай:

— Мынаның жанын қинамай тағы бір атшы, — дедім.

— Талай жазықсызды тақымға басқан жыртқышқа рақым жүрмейді. Екі оқ шығармаймын, — деді ол қасқырдың жанталасқанына айызы қана қарап тұрған күйі.

Біраз арпалыстан соң қасқыр көкке атылды да, даусын қатты соза ұлып, құлап түсті. Аяқтары мен бүкіл денесі дір-дір етіп, құйрығы шұбатылып сәлден соң біржола қимылсыз қалды.

— Жыртқыш деген осы! Қалай салады ауызды өзіне, басқаны қалай аясын, — деген Жәнеп: — мұны сойып уақыт алмаймыз. Жол ұзақ, күн кешкіріп барады. Артқы орындыққа тастай салайық, — деп машинаға сүйрей жөнелді де, — әй, мынауың неткен ауыр еді, — деп мені көмекке шақырды.

Бір өзіне үш адамның орны тиген көкжал ұзыннан сұлап мәңгі ұйқыда жатыр. Жүріп келеміз. Тағы да бейсауат аң кездесер ме екен деген кісіше оқшантайды ортаға қойып, мылтықты көлденең ұстап Жәнеп отыр. Біраздан кейін мылтықты қасқырдың үстіне қарай артқа сүйей салды.

Екеуміз де көңілдіміз.

— Әй, мынауың сырттанның нағыз өзі екен. Қапыда кезікті. Әй, қу тамақ-ай, — дейді Жәнеп.

— Бір өзі бір ішік қой.

— Әрине, бірақ мұның терісін илеп, үйге іліп қоямын, жұрт көрсін, — дейді қасқырды өзі иемденетінін білдіре.

— Сен қазақ дәстүрін қалай аттайсың? Атқан — сен. Байланатын — мына көкең болмай ма? — деп мен кеудемді қағамын.

— Ыс-ыс, — деп тілінің арасына жел шығарды, онысы кеткені.

— Оу, манагы жалаңбас ата жайлы әңгіме сонымен бітті ме? — дедім мен енді, қасқырдан күдер үзіп, ең болмаса әңгіметыңдайық деген оймен.

— Біткен жоқ, мына қасқыр кезігін қап, бөліп кетті ғой. Сойтіп, соңын айтайын, ә? Сонымен, даланың күркіреген қарт бұрасындай батыр құлағына қатқан мұзды қамшысымен қағып түсіріп отырыпты. Батырдың бұл әрекетіне таңырқаған қонақтардың қуақылау біреуі өз батырына:

— Көріп келесіз бе, жұрттың батыры жалаңбас, құлағына қатқан мұзды қамшысымен қағып келеді, — десе олда:

— Несі бар, тәйірі, мына суыққа кісі тоңа ма? — деп басындағы дулығасын шешіп, қанжығасына байлай салыпты. Суықтың аты суық қой. Басы тоңса да «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді», дегендей, шыдап бағыпты.

— Ал, баһадүр, қайыр-қош, көріскенше күн жақсы, — деп батыр атамыз байырғы әдетінше қош айтысып тұрып, құлағын қағыпты. Мұны көрген әлгі кісі де сенен мен кеммін бе дегендей, тоңып тұрған құлағын қағып қалған екен, үсіген құлақ түбінен үзіліп ұшып түсіпті.

Сонда құлағы үсіп түскен батыр:

— Оқасы жоқ, «тұлпар аунаған жерде түк қалады», деп қарқ-қарқ күлген екен жердегі тебінгідей құлаққа қарап.

— Паһ, ерлігіңе болайын! — деп, риза болған атамыз сол кісімен дос болып кетіпті.

— Әне, сонау бұлдырап оң жақта қалып бара жатқан биік содан бері «Құлақ қалған» атаныпты, — деп Жәпек те ішексілесі қата күлді. — Біліп қой, бұл сол батыр атамыздың талай сайран салған даласы, — деді жан-жағына қарап:

— Құдай біледі, сол Шамұратым отарын жабық қораға қамап, күйдіріп алды. Ыстыққа қамалған семіз мал іріп кетпей ме?

Бірді айтып, бірге кетіш отыру Жәпектің ежелгі әдеті. Әңгімесін аяқтамай, міне, енді шаруа жайына көшті. Мен әлгі құлақсыз қалған аңғал адам есіме түсіп, күліп келемін. Машинаға рақмет. Сыр берер емес. Мынадай боран, омбы қарда тек осындай қуатты машина ғана жанға серік.

Кенет көзім қарсы алдымдағы айнаға түсті де, зәрем зәр түбіне кетті. Аузын арандай ашқан көкжал тістерін ақситып, екі аяғын орындықтың арқасына арта ұмтылып келеді. Көздері шоқтай жайнайды. Сәл қозғалсам-ақ, көкжелкеден

ауызды салғалы тұр. Сасқаным сонша, тілім күрмеліш, үнім шықпай қалды. Осыны байқады ма, Жәнеп бетіме бұрыла қарады да:

— Әй, саған не болды-ай? — деді.

— Артыңа, артыңа... — дедім әрең.

— Са-са-сауқым, — деді сасқалақтаған ол, — тоқта, алдымен мен түсейін, сенің денең жеңіл ғой...

Апыл-гұпыл машинаның жүрісін баяулата бергенім сол еді, Жәнеп лып етіп түсті де, есікті тарс жауып қала берді. Қасқыр соңынан ұмтыла арс ете қалды.

Сол сәтті пайдаланып, ілбиіп келе жатқан машинадан мен де ытқып түсіп қала бердім.

Машина тоқтар емес, тоң болып қатып қалған қарлы жолмен бұлтақтап кетіп барады. «Ойбай, мына жыртқыш машинаны айдап-ақ кеткені ме?» — деймін, құлаған орнымнан бір домалап тұрып жатып. Жанталасып, соңынан тұра жүгірдім. Артыма қараймын, Жәнеп те борсалаңдай жүгіріп жан ұшырып келеді. Бірдеңе деп дауыстайды. Түк түсінгенім жоқ.

Жылы машинадан шыққан денені теріскейден түре соққан желдің ызғары қарып барады. Жаяу борасын шаңыта ұйытқып тұр.

«Қасқырдың кейбірі киелі болады деуші еді. Дәу де болса мынау сол шығар. Бірақ ондай көкжал тек өзінен күші асқанға ғана шабады демеуші ме еді?»

Сонда Жәнептің өзі тегін болмағаны ма? Болса болар, ата-бабасында батырлық бар ғой. Мен болсам қоян жүрек қорқақпын...»

— Сауқым-ау, өлген деген осы ма? Масқара болды-ау, пілдей екі жігіт тал түсте қасқырға қолдан беріп, — дейді Жәнегім күрт құбылып.

— Өзің емес пе, айла-тәсіл, ақылдан ажырап, жаның алқымыңа келіп, алдымен мен деп допша домалаған. Бастығым болған соң мен артыңнан ерген жоқпын ба?

Бетіме жалт етіп алара қараған Жәнеп өзін кінәлі санады ма, терең бір күрсінді де үнсіз қалды.

Костюмшең қалған, кемітіп айтқанда жеті-сегіз пұт салмағы бар Жәнең бой-бойы шығып, буы бұрқырап жортып келеді. Аяғындағы жылы бәтеңкесі құрғырының резеңке табаны май жаққандай жылпылдап тая береді. Кейде ошарыла құлайды. Жон арқасынан шыққан тер ызғырық жел әсері-

нен мұз боп қата бастады. Қас қылғанда бас киімі де машинада қалғанын қайтерсің?

Күн манағы ма, зауал шақырып, жыланша ысқырып тұр. Сонау теріскей жақтан бізге қарай мәңгі мұз көрік басып жатқандай, жел өті өзіне қаратпайды.

Қоңілге демеу әлі де сонау кетіп бара жатқан машина. Ит арқасы қиянда көзге көрініп, жылжыған жалғыз қара сол. Бір жүрістен танбайды, жеткізетін емес. Жұрттан ұят болды-ау! Өзіміз атқан қасқырға... ар жағын айтқым келмейді. «Ей, мен неткен ақымақпын. Қолымдағы рульден неге ажырадым? Жөкпе-жек айқаста жеңіп, тартып әкетсе бір сәрі. Аузын ырситқанына бола тұра қашқаным қай сасқаным?! Әй, қорқақтық-ай, өзім де нағыз сужүрек болып шығармын ба! «Жауды аяған жарлы» деген осы-ау. Мына денеңмен сен де түк емес екенсің, Жәпек! Сөйте тұрып, батыр әулетіненмін деп кеуде қағасың. О, сорлы...» — деймін іштей күйініп.

— Сауқым, а, Сауқым! — деді аузынан буы будақ-будақ шыққан Жәпек. — Бұл масқараны ел естімесін! Ел-е...

— Әй, сен де қызық адам екенсің. Ана машинаны қуып бара жатқан көкжалдың өзі-ақ бүкіл жер жүзіне жарияламай ма? «Ел қайда, Нұра қайда» деген екен баяғыда төркіндеп бара жатып Бетпақтың даласында адасқан бір келіншек. Сенікі соның кері ғой. Екеуіміздің сүйегіміз осы далада қалды дей бер енді, — деймін ашынып.

— Тек, қайдағыны шығарма! — қатты шошып кетсе керек, — олай болмайды, — деді сәл ойланып. Бет аузын ақ қырау басып кеткен. — Ей, ақымақ бас, анау Шамұраттың отары не күйде соны айтпаймысың? Соны айтсайшы, соны! — Борсалаңдап тұра жүгірді. Осы сәтте мен оны жынданып кеткен шығар деп ойлады.

Кенет жүгіріп бара жатқан Жәпек мұрттай ұшты. Апыл-тұпыл тұра сап, жан-жағына есі ауған адамша аңыра қарады да:

— Әй, анау не? — деп айқайлады жолдан әудем жердегі әлдебір қарайғанды меңзеп.

— Ол Батекеннің таусылмасы ғой. Қарағайқұдық емес пе? — деймін.

— А-а! Не дейді! — деп аңырып қалған ол, — жер ортасы көктөбеде қалыппыз ғой, — деді ашық мойнының тамырлары адырайып.

— Шамұраттың отарын қайттім? Халықтың тірнектен жиған дәулетін рия қылатын болдым-ау!.. — Оның сөзін бөліп жібердім.

— Сол да сөз бе, алдымен тірі қалайық та! — дей бергенімде:

— Өлмесең өме қап, — дегені шагынап. — Жаным — арымның садағасы!

Мен де морт кеттім.

— Әй, не дейсің жетім тайлақ! Менің тастай алмай жүрген жаным жоқ. Сен-ақ Шамұраттың отары үшін жаныңды құрбандыққа шала бер, — дедім де, ілгері жүгіре жөнелдім.

Аспан әлемі мұздаған көк темірдей сіресулі. Жонды тырнаған өткір жел қар суырып, қайрақтай қажап, бордай тоздырып барады. Манадан тер қатқан денем мұз жамылғандай қалтырап кетті. Кідірsem қатып қалатындаймын. Жүгірген адам жылынады деуші еді, барымды салып жүгіріп келемін. Жан қысылған сәтте Жәпектің дүниеде бар-жоғы есімінен шығып кеткендей.

— Әй, сонша тыртындағаныңмен қанша ұзай қоямын дейсің. Өкпеңді өшірмей, салмақпен жүр, — деген ол иығымнан тартты. Еріксіз жалт қарадым. «Іші күйген тұз жалайды» дегендей:

— Жылауық! — деппін намысына тиіп. Екі беті нарттай. Онсыз да денелі, сал қарын, жайшылықта жаяу баспайтын ветврачым аяғын алшың-алшың басып, соңымнан ентелек-теп келеді.

— Ақымақ, өз қамым үшін жылағаным жоқ, — деді біраздан соң, — мен бұл суыққа тоңбаймын да, жаяуға да шаршамаймын. Уақыт өтіп барады, мал не болмақ? Өзің біз қайда бара жатқанымызды ұмытып кеткеннен саусың ба? Мынадай ақ қар, көк мұзда сейіл құруға шығып па едік? О, сужүрек неме! — Мен оның сөзіне шынымен-ақ таң қалдым. Суыққа ұшып кетейін деп тұрып айтары мынау болса...

— Әй, Сауқым, ақылға сал, — деді тағы да. — Ол жазда барлық емдеуден өткен отар. Ешқандай індет жоқ. Дәу де болса Шамұратекен қойларды жылы қораға қамап отырған шығар. Ондай қой қотырға шалынды дей бер, — баяғы жайбаракат қалпына көше бастады.

— Қойларың бар болсын! — деймін мен де дегенімнен қайтпай. — Кісі өлейін деп жатқанда...

— Ой, өзің бір бар болғыр екенсің ғой! — деді кеңк-кеңк күліп. — Сені де жігіт дейміз-ау? Бір екі жүз қадам жаяу жүргенге торыға қалдың, ә? Қалтырауығым!

Ызадан жарыла жаздаған мен:

— Мықтылығыңды әлгіде анау қасқырға неге көрсетпедің су жүрек! — дедім бетіне кіжіне қарап. — Мына денеңмен сен де тұра қашпадың ба?

— Сенде бір грамм ес жоқ. Аяқ астынан шошып кеткен жоқпын ба? — дейді ол қырау жапқан қабағы дір-дір етіп.

— Айтарсың-ау, су жүрек. Тағы не демексің?

— Оттама! Мен қорыққан жоқпын. Шошыдым. Шошыған қорыққан емес. — Расында жаны бар сөз.

— Қап! — даусы опынып шықты.

— Ой, батырым, өкінбе, құлағыңды уқала. Әйтпесе, шұнақ ветврач атанарсың, — деймін кекетіп. Енді ілгері басуға мен де ол қалмағандай.

Ол даусы дірілдеп:

— Азу тіспен білектей болатты қиятын біздерді де жаяу қалдырып қаңғыртып кетті, ә? Өзімді уайымдамаймын. Шілбиген мына сені аяймын. Қой емдейтін дәрі-дәрмек те машинада еді.

— Майдан жыланың бір қайтпайтын еді, әй, осы түбі біреуді жалмамай қоймас деуші едім. Ақыры түбіме жеттің-ау, — деп отыра кеттім.

— Оңбаған шала туған. Қатып қаласың-ау! — Ол мені иығына салып алды да адымдай жөнелді.

— Жәпек! Жәпекжан! — жан дауысым шығып айғайлап жіберіппін. — Машина тоқтап тұр. Ал жүгір!

Далбалақтап келеміз. Діңкелеген мен машинаға Жәпектен бұрын жеттім. Келе бір айналып шықтым. Моторы жұмыс істеп тұр. Артқы мосты дөңеске тіреліп қалған. Есігін ашуға жүрегім дауаламады. Көкжал арс етіп ала түсетін тәрізді.

— Рульге жармас, қасқырға мені жібер, — деп айқайлап келген Жәпек ай-шайға қарамай артқы есікті аша берді. Аңдып жатқан ашулы көкжал арс етіп, Жәпекпен алыса кетті. Жәпектің қолы қасқырдың кеңірдегінде. Қасқыр өткір тырнақтарымен Жәпектің үсті-басын дал-дал етіп жырттып жіберді. Мойнынан қан жосып жүр. Ұзамай қасқырды Жәпек астына баса құлады.

— Шабына пышақ, пышақ! — деді қырылдан жатып. Мен таянуға қорқып тұрмын. Жәпек көкжалдың кеңірдегін сығып, қозғалмай қалған. Азу тісі ақсиып, көкпеңбек тілі аузынан салақтап шыққан көкжал өмірмен біржола қоштасқан еді. Мен Жәпекке шын сүйсінгенім сонша, жүгіріп барып, май басқан бұжыр-бұжыр желкесінен сүйіп алдым.

— Батырдың ұрпағы екенің рас екен, — деймін. — Сені мүлде білмей жүрген екенбіз ғой.

— Жетер, көп мәймөңкелемей, — деді ол. Машина жұлдыздай ағып келеді. Жәпек:

— Сауқым-ау, мына көкжалың машина айдай білетін болғаны ма, әлде бұл мәшинең өздігінен жүре беретін бе еді? — деп сұрады.

— Оның жүргізушісі сенің мына дәрі-дәрмек салған сумкаң! — дедім қолынан тастамайтын жол серік сумкасын өзіне қарай итеріп.

— Сумка!? — бар денесімен бұрыла қарады Жәпек.

Иә, мана қашып-пысып жүргенде акселераторды жаста-на құлапты, өзі зілдей емес пе! Машинаның бірінші жылдамдықпен жүре беретіні содан.

— Бәсе, — деді ол да, — қас-қағым өмір деген осы-ау.

— Сырттаның екі жаны болады деген рас па деймін? — дедім.

— Жай сөз. Мана асығып, талып жатқан қасқырды машинаға салып алған өзіміз айыптымыз бәріне.

— Рас, рас, батырым, — деймін. — Әйтсе де, жаралы қасқырдан көрген қорлығымызды ешкім естімесін, күлкі болармыз.

Ол да, мен де, қатты қалжырап шаршаған сияқтымыз. Көз алдыма біресе жанұшыра қашқан қоян, біресе оны қутан сұр қасқыр кезек елестейді. Енді бірде кең даланы төсімен қорғап өткен батыр бабаларымызды ойлаймын. «Апыр-ай, олардың бүгінгі ұрпағы біз де батыр екенбіз-ай. Әйтпесе, тапа-тал түсте қасқыр соғар ма едік? ».

Жәпек үнсіз. Не ойлап отырғанын кім білсін.

— Әне! — деді кілт жадырай сәйлеп. — Келіп қалыпшыз. Міне, Шамұраттың қыстағына да жеттік. Әй, жарайсың, Шамұрат, жарайсың! — деп жағы тағы семер емес. — Әне, қарашы анда, қарашы! — Қойлар ашық қорада. Апырай, Шамұрат балалық жасап бірдеңені бұлдіре ме, деп қатты қорқып

едім. Бәрі орнында екен ғой, әйтеуір. Ауа райының дәл бұлайша күрт бұзыларын кім болжапты. Шамұратқа алдын ала ескертпегеніме өкініп келіп ем. Енді қорқыныш жоқ. Көңіл орнына түсті деген осы. Жолымыз болды деген осы. Бүгін олжа аз емес, бала, аз емес! Ой, заман-ай!

— Ой, батырдың ұрпағы-ай! — деймін мен.

Айхан

Күн тымық. Аспанда бір шөкім бұлт жоқ. Содан ба, өзім тым көңілді едім. Көшеге зорға сиып, алшаңдай басып келемін. Қаладағы шағын тротуар соқпақта қарсы алдымнан таныс бейне ұшыраса кетті. Дидарласпай бұрылып кетудің мағанда, оған да ешбір реті келмей қалды. Ойламаған жерден тап болып, ғайыптан түскен жандарша бірімізге-біріміз үнсіз қарап тұрмыз.

Недіктен екенін білмеймін, сол минутта ішім әлем-жәлем болып кетті. Жақсылық пен жамандық, адалдық пен жамандық, адалдық пен аярлық, махаббат пен зұлымдық белдесіп жатқандай, іштей астан-кестеңім шықты.

Сол! Дәл өзі. Аппақ періште. Сол мөп-мөлдір қара көз, қиылған қас, піскен шиедей қып-қызыл, жұп-жұқа ерін. Сымға тартылғадай дене. Қазір де солай.

Оның келбетті ақ жүзі күреңітіп, бірде қызара қалса, бірде күлгін тартып неше құбылды. Қара көзіне күлкі толтырып, қас қақпай мөлдірей қарайды. Анық толқып тұр.

— Қайсар! — Оның жібек үні келді құлағыма.

— Айхан!

Тағы да үнсіздік жайлады.

Жолдың нақ ортасында үнсіз тұрған біздерге әлде біреулер таңырқай қарасып, кеше жауған ақша қарды омбылап отіп жатыр. Айханның мына тұрысында еліктің лағындай үркіп тұратын жасындағы мінезден біржола арылғандық байқалады.

— Өзің толып кетіпсің ғой, — деді өне бойыма көз жүгіртіп, басқа сөз ташпағандай.

— Өзгермейтін нәрсе бола ма? — дедім. Ол қолаптадан шыққан шоқтай қып-қызыл болып кетті де, менің сөзіме жауап орнына:

— Сені көргенде, бүкіл өмірім, жастығым, бірге оқыған достарым, өскен жерім есіме түсті. Бәрін де сағынып кеттім. Не десең ол де, менде өзімді ұстайтын күш қалмады, — деді де, құшақтап алып, екі бетіменен кезек-кезек, шөп-шөп сүйін алды. Қыздың мына төтен әрекеті мені біржола матап тастады. Әдепте жоқ әрекет. Әлгі бір сөзіне ысыған бойым кенет салқындап кеткендей болды. «Мұнысы несі, тым жеңілдеп кеткен бе, өрескелдік емес пе?»

Жасында, мектепте оқып жүрген шағының өзінде қарға аунаған тұлкідей, көздің жауын алатын перизат одан бетер құлпырып кеткен. Өзі жарқылдап шешен сөйлейтін болған сияқты. Мені билеп-төстеп алып барады. Даусында ақиқат өзімсінгендік, шынайы сағынышты ықылас бар.

— Ал жүре сөйлесейік, алдымен қайда тоқтағаныңды айтшы? Қашан келдің? — деді.

— Қонақ үйде, бүгін үшінші күн.

— Ендеше, қазір әлі уақыт бар екен, алдымен киноға кіріп шығайық.

Менің келісімімді күтпестен бастап жөнелді. Аузы сөзден әлі бір тынған жоқ. Балалық шақты, мектепті, бірге оқыған күндерді әңгімелеп келеді. Менің де көз алдыма сәбилік, балалық, енді гүл аша бастаған жігіт шағым орала берді.

...Күнгейлі-Сарыарқаның жазығын қуалап, бірте-бірте жартасты адыр, шоқылар құрап, қасқыр азу болып байланған Керегетас аталатын биік тау сілемінің ық қолтығындағы жалғыз қыстау. Қыстау мен биіктің ортасынан гүрілдеп тулап ағатын Ақмая өзенін «Ақсеңгір» колхозы қырқыншы жылдары бөгепті. Шалқары көз ұшына созылған тоған суы жарқырап көрінеді. Тоған үсті екпе ағаш — терек, тал, жиде, тек бергі шетінде ғана оқшау өскен жалғыз түп ақ қайың «мен мұңдалап» тұр. Тоған басы — құстар өні. Мың түрлі өн, мың түрлі үн. Бұл өңірдегі думанды жер тек осы бөгет. Туған жерді аралап кетіппін. Қызығы мол, балалық шақ...

— Қайсар, — деді күрсінген қыз, — сол күндер романтикаға толы күндер екен-ау, не бары сегіз-ақ едік, ә? Совхоз орталығынан шалғай жондағы бір қыстақта комсомол-жастар бригадасын құрып, оны «Жалын» деп атап, бір ауданды, бір облысты дүр еткіздік, ә? Ерлікке, қызыққа толы сол жылдар, басқаны қайдам, менің есімде мәңгі қалды.

Айхан алдымызға мұңдана көз тастап, баяу жүріп келеді.

Бір класта оқыған он үш қыздың ішінде мен жалғыз ұл едім. Үзіліс арасында бәрі жабылып, мені тымақтай домалатады, көптің аты көп емес пе? Бірі әрі тартып, бірі бері жығып, ит әуремді шығарып, ыза қылатын. Солардың ішінде ең өткірі де, ең ашулысы да, шынымды айтсам, оқуға зерек, алғыры да, сүйкімдісі де осы — Айхан болатын. Шығарма жазуда үнемі бестік баға алатын. Айхан үйге берілген ерікті тақырыпқа жазылған шығармадан бір күні үштік баға алып қалды. Ал жыласын кеш. Мұғалім олай-пұлай ақыл айтса да, көнбей көп жылады. Үзіліс кезінде қасына барып, иығынан қағып: «Ұят емес пе, бір үштік баға алдым деп жылағаның», — дей беруім мұң екен, басын жерден жұлып алып, дауыстан:

— Намыссыз! — деп жағымнан тартып жіберді.

Андаусыз тұрған мен аяқ астынан қыздан таяқ жедім, басқа қыздар ду күлсін. Кейбіреуі класс жетекшісіне жүгіріп: «Қайсарды Айхан сабап жатыр», деп ертіп келді. Қайтейін, қызбен төбелесейін бе, тысқа шығып кеткенмін...

— Қайсар, — ол менің ойымды тағы үзіп жіберді. — Таяу жыла да ауылға бардың ба? Тоған басындағы жалғыз қайың бар ма? — Көзінде жасырынған сағыныш табын бірден байқадым, дауысы да мұңды естілді.

«Иә, жалғыз қайың бар, ол біз көргендегіден әлдеқайда биіктеп, толып өскен». Мен осылай дегім келген. Бірақ айта алмадым. Өйткені, «Жалын» комсомол жастар шопандар бригадасында еңбек еткен жылдардың талай мақпал түні мен алтын зерлі таң салқыны сол ақ қайың түбінде өткен еді. Сонда менің қасымда... Иә...

Бүкіл даланы сарқыраған шуылымен думандатқан Ақмая өзені де сол жылы қатты тасып, тоғанды сең бұғаны да қазір қоз алдымда. «Қайсар, сен мені «ашушаң қыз» атаңдырдың. Байырғы атымды өзгерттің. Сонда да сені...». «Сенің жұлдызың ыстық маған», дейтін Айхансың сен» — дегім келеді. Тілім күрмеліп, үнім шықпайды. Ар жағымда жүрегімнің басында түйір ірітпек болып топталған бір ыстық, кейде кермек сезім буып жіберетін емес. Өзі ақтарылмаса, менің, мына менің, отан әмірім жүретін де емес. «Неткен дәрменсіздік бұл», деймін ішімнен.

«Кенші» кинотеатрына таяна бергенде Айхан:

— Қайсар! Бәрі қазіргідей көз алдымда. Көктемде бүрпік жарған ақ қайың жүрегімде мәңгі қалды...

Кино да айтарлықтай қызық екен. Үнді киносы. Бойды балқытып, ойды шартарапқа шалқытқан асқақ музыка әуені құлақтан кетер емес.

— Үнділіктер өте сыпайы халық-ау осы, — деді театрдан шыға бере Айхан, — бұлар ашық сүйісу дегенді білмейді. Ал біз болсақ, тапа-тал түсте...

Екеуміз қосыла күлдік. Артымыздан біреудің:

— Үндемес қыз да күледі екен-ау, — деген даусы етілді. «Үндемес қызды қара, жігітпен отыр», деп кинозалда да дарақы біреу айқай салған. Өзі масаңдау болса керек. Соның сөзі тағы да ту сыртымыздан қайталанып естілді.

Түнгі ауа тып-тынық екен. Күндізгі ақ шуақтан болар, қазір көшедегі ағаштар, бүкіл қала аппақ ұлпадай қырауға көміліп тұр, үп еткен жел тисе, меруерттей төгілгелі жылт-жылт етеді.

— Күнгейлі қандай болды екен? — деді ол аз үзілістен кейін мені әңгімеге шақырып.

— Несін айтасың, Күнгейлі қазір ферма орталығы. Бүкіл дүниенің кіндігі сияқты сәулетгі, ел мекен сол. Телевизор, радио, барлық мәдениет мекемелері бар қала үлгісіндегі поселке, — Айхан менің қолтығыма жабысып иығын тигізіп, құшырлана қысып, ұлпа қарды сықыр-сықыр басып келеді...

Күнгейлі тоғанына лық-лық соғылып жатқан толқын үнін тыңдап қалыппыз. Қиял шартарапта. Жоғары оқу орнына түсіп оқып жүрген күндер. Біріміз жазушы, біріміз күні ертең экономист, әлемнің бар қызығы алақаныңда... Бірінші курс біткен.

Иә, артынан көп кешікпей Айханның, Қайқаудың туған күні тойланды, өзім де қызықпын-ау, бірге оқыған қыздардың бәріне ат қойыппын. Загипаны — Ақкірпік, өйткені, ол шикіл сары, кірпігі де сарғыш, көзіне үңіліп қарамасаң көрінбейтін. Сол үшін Ақкірпік атаңды. Ал Әнуза — Қайқау, оның кірпігі де, мұрны да, үстіңгі ерні де қайқы. Тұрсын ше? Шомбал. Расында да ол денелі қыз еді...

Міне, бәрі көз алдыман қазір де өтіп жатыр. Сағынып кеттім. Балалық шағымды сағындым. Тай-құлындай тебісіп өскен достарымды сағындым. Айханмен бірге өткен айлы түндерді, жалғыз ақ қайыңды сағындым.

Сол туған күн кешінің соңы, жалғыз қайың түбінде екеуміз тағы отырмыз.

Манадан үнсіз келе жатқан қыз демін ішіне тартып:

— Керегетастың жұпар иісі бұрқырап кетті ғой. Шіркін, қоңыр желі қандай рақат еді. Есінде ме, Қайсап, көкпеңбек жасыл далаға қойды қаптатып жіберіп, ән салатынымыз. Ашық көкжиегі көрінбейтін толқып жатқан мұхит дер едім. Жоннат қой, шіркін, сол жерлер, — деп қойды...

Мені тағы жалғыз қайың шақырды. Неге екенін қайдам, сол күндері расында да аз ұйықтайды екенбіз. Төбеде биіктеп алған ай бозамық сәулесін себезгілеп төгіп тұр. Айханның қолы мойнымда. Мен оны айқара құшақтап, алдыма алып отырмын. Әлемде сол сәтте менен бақытты жан жоқ еді. Айхан ше, әрине, олда. Өйткені, ол: «Сенің жұлдызың мен үшін өмірдегі ең биік, ең сұлу, жалғыз жарқын шоқ, сенімен мәңгі біргемін», — деп әлгіде ғана айтқан. Ендеше, мен бақыттымын.

— Әне, Қайсар, сенің жұлдызың туды, — деді кенет ол менің бетімді шығысқа бұрып. Жалт қарасам Шолпан жұлдызы туыпты жарқырап, көкке ілінген гауһар кеседей нұр шашып, бір өзі бүкіл шығысты күлдіріп тұр.

— Жоқ, ол сенсің. Ол әлемнің шолпаны болса, сен менің шолпанымсың. Айханымсың. Білесің бе, сенің атыңды да алфавиттің бірінші әрпінен басталатындай етіп атауымның сыры да осында, — дедім. — Сен әлем жұлдыздарының айысың.

— Қайсар, — деді манадан үнсіз келе жатқан қыз менің ойымды деп басып. — Шолпан туған таңды ұмытқан жоқсың ба? Содан бері мен Шолпан жұлдызы туған таңды көрген емеспін. Тағы бір нәрсе есімнен кетпейді. Дәл осы таңда қоңыр қойданда төл басы ақ қозы туғызып алып едік-ау. Құлағыма сондағы қойдың маңыраған жарықшық даусы келеді. Шіркін, сол бір бал көктем! Тағы бір қайталашы, өмірге мәңгілік риза болайын!

Белгілі, шерменде жанның өкініші. Тоқтап тұрып бетіне қарадым. Тамылжыған қоңыр түнде ол бұрынғыдан да сұлуланып кетіпті. Ақ түлкіден бөрік, жағалы пальто киген ол, соннау бала кезімді, өткен күнді алдыма тағы тарта берді. Бәрі сол бәз қалшы. Аспанда — ай, жерде — біз. Айырмашылық тек — қала, көше, ағылған автомашина, көпшілік адамдар.

Айхан күмістің ұнтағындай боп төгілген қар ұшқынын алақанына қондырып әуре. Сүйріктей саусағын созып, ала-

қанын жайып, меруерт қиыршық түскен қолына үңіледі. Дәнеме жоқ. Төгіліп жатқан меруерт сынығы көзге көрінбейді. Қайта қолын тосады, сол бос алақан.

— Мынау мен ғой, — деді ол манадан үнсіз бақылап тұрған мені жалт қаратып. — Рәсуа болып, ұнтақталып кеткен. — Қатты ухілеп күрсініп алды. Қолға ұсталмайтын қар ұнтағын қуалап, көкке қолын жайып қалған күйі аспаңдағы неон шамдары сәулесінен көмескі көрінген айға қарап мүдіріп қалды. Көзі мөлдіреп, жас толып төгіліп кеткелі тұр. Оны қолтығынан алып ілгері аяңдай бердім. Ол өз бойын тік, тәкаппар ұстаған күйі көп қабатты үйдің алдына келіп тоқтады. Манағыдай ойлы пішінде терең күрсініп:

— Қайсар, қонақ үйінде орның барын білемін. Сонда да отымның басын көр, — деді даусы дірілдеп.

Үйге еніп келіп, неге тұрып қалғанымды өзім де білмеймін. Тағы бір ойламаған көрініс. Төр алдында үлкейтілген портрет тұр. Бірі — мен, екіншісі — өзі...

Үстіне қызыл пұлыш жабылған диванда бейжай отырмын. Ас үйде Айханның жүрген-тұрған дыбысы шығады. Шай қойып, оны-мұны дайындап жүр. Шамалыдан кейін қасыма келіп жайғасты да:

— Таңданба сөзіме, Қайсар, — деді даусын созып. — Сенің кінәң жоқ, мен өмірде сенің алдында ғана, ар алдында айыпты жанмын. — Тағы қатты дем алып, кідірді де: — Сенің өкпеңе суық тиіп, операция столында жатуыңа мен кінәлімін.

Шыдамадым:

— Өкпеме суық тиіп, операцияда жатуыма?

— Иә.

— Неге?

— Егер мен болмасам, сен көктемнің қара суығында жалғыз қайың түбінде отырмас едің. — Қабағын шытып: — Суық саған сонда тиді.

Сөзін бөліп жібердім:

— Жоқ, ол бұрыннан ақаулы өкпе.

— Онда ақауыңа ақау қосқан мен! — бала күніндегідей көзі шоқтанып, өршеленіп кетті.

— Олай деме, Айхан, — дедім даусымды негұрлым салмақты шығаруға тырысып.

— Тап, солай, — Қыз ширығып алыпты.

— Сол қиянатымды кешірі. Жүрегіме қатқан, жанымды да жегідей жеген азабым бұл менің, — деді иығыма қолын артып. Мен үндемедім.

Сәлден кейін ол тағы сөйлеп кетті:

— Егер сен ауырмағанда, мен мүмкін...

Мен оның бетіне тағы байырқалай қарадым. Қасы сәл түйіліп бір қырын отыр. Бірсыпыра үнсіздіктен соң, — Әрине бірнеше жыл хабар-ошарсыз, байланыссыз болу... — деп сөзін тағы үзді.

— Жо-жоқ, Айхан, сенде кінә жоқ мен сенің өміріңе зиян жасауға тиісті емеспін. Ауру... жұқпалы... Сау адамды және сендей раушан гүлін... — дей бергенімде:

— Түү, Қайсарым-ай, не деп кеттің, аямаған деген осы да! Менің жаным сенің үстіңде шықса, арман бар ма еді! — деп ағынан жарылды да басын кеудеме сүйеп отырды. Жұпар пісі келді. Қос анары көтеріліп басылып, бүкіл болмысымен жанымды аялап, ол маған қисайды, сонан соң:

— Иә, — деді басын көтеріп, — мен жасырынып жүрген адаммын. Сені бүкіл бақытымды жоғалтып, өзімді жақын туыс-туған, ет-жақыннан біржола жасырған жан едім. Бүгін ойда жоқта сен кез болдың. Бәрін басынан айтайын. Сенен жасырып не болам. Көңіл кірі айтса кетеді. Бәрі солай, осы айтқанымдай болды. Алатау бауыры, Алматы алтын бесік емес пе? Мен сол бесікте шайқалып, шынардай бұлғақтап өстім. Енді білдім. Шынымды айтсам сұлулық та қасірет екен. Кімнің көзі түспейді, тамсанбайды. Әке-шешеден кейін мені қолпаштаған жұрт сенің қойған есіміңді өзгертіп, табиғат берген көркіме лайық деді ме, мені Ақсұлу атандырды. Сабақтан сәл бос мезгіл театр, ойын-сауық, би алаңдарыңда өгіп жатты. Рақат өмір! Бүкіл қаладағы жұрт тамсанған, қолына түссе ауызға салғысы келетін асқан сұлулардың бірі мен болдым.

Мен сәл қозғалып отырдым. Онымды менің ұнатпағаныма жорыған ол:

— Зерігіп кеттің бе? — деп күлімдей қарады. Жауап орнына басымды шайқадым.

Ол орнынан тұрып, сөйлей жүріп, кішкене қол сандықты алып, асығыс ашғы да ішінен алтын сақина ма, сырға ма уыстап стол үстіне шашып тастады. Электр шамының көгілдір сәулесіне шағылысқан асыл дүние бұлтты жарып ұшқан жайдың сынығындай жарқ-жұрқ етіп, көзді арбап жатыр.

Айхан асыл тастарға қарап сілейін тұр. Көздің нұрын шағып жатқан қымбат дүниеге деген қызығудан гөрі жиіркеніш пе, әлденедей бір салқындық бар өңінде.

— Мынаның бәрі өз еңбегімнің жемісі. Өзіме өзім силаған дүние. Бәрі қымбат бағалы, — едәуірден кейін, — бірақ, иә, адам жанына шаттық әкелмеген, тебіренгіп рақат сыйламаған дүние қасірет емес пе? Өзіме біткен көрік те сондай қайғы-қасірет әкелді. Адам жаны, әсіресе әйел жаны өмірдегі ең күрделі, сыр толы құбылыс екенін әркім біле бере ме? Әйел заты мәңгі аялауды сүйеді. Өмірден күтетіні тек қана құрмет пен қошемет. Соның бәрін мен де аңсаған жан едім. Кемшілігім — қасымда сенің жоқтығың.

Ол әлгі асыл сақина, сырғаларды алақанына салып қайта-қайта аударыстырып тұрып:

— Осы көзді алдап, жүректі арбаған тастар тіл қатса ғой. Мен сөйлемей осылар сөйлесе... Өкініштен өртеніп барамын, — деді.

Ол қырын қарап отырған қалпын бұзып, бетіме үңіліп қарады:

— Сол күні институтта бір белгілі ақынмен кездесу болды, соңы биге ұласты. Би десе есім қалған ба? Және бірінен соң бірі шақырған келбетті жігіт алдыма келіп, сышайы бас иіп ілтипат білдірді. Бір айналыш билеп шықтық, тағы да... Соңғысы ағып тұрған шешен, күлдіргі жігіт екен. Танысып та та үлгірдік...

Араға күн салмай «Волгамен» келеді де тұрады. Бүкіл жатақхана: «Еркін келді», — дейтін болды. Өзі де жүзіктің көзінен өткендей алғыр жігіт, бірден бауырыма еніп, жүрегімді жаулап бара жатқанын да сеземін... — Қыз тағы да үнсіз қалды. Біраздан кейін. — Қайсар, кешір, сенен жасыратын сырым жоқ. Расымды айтамын, сол шақта екі ұдай күйде болдым. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» демей ме?

Бір күні ол менің туған күнімді құттықтап келді. Өзі аздап қызулау, қасында тәпелтек бойлы, таңқы танау, жұлық мұрты бар, қысық көз жігіт. Өзі менің төсегіме солқ етіп бар салмағымен отырды да, қасындағыға:

— Қаракүл, бүгін Ақсұлудың туған күні, әкел манағыны, сосын, ресторанға тартамыз, — деп қарқылдап күлді. Өміі доптай домалап шығып кетіп, лезде бір қорашты алып қайта кірді. Қорашты ашқан Еркін көйлектік асыл мата мен екі са-

қина, бір сырға алып, менің алдыма қойды. Расымды айтсам, денем түршігіп кетті. Алдымда жатқан сол дүниелер маған бір түрлі суық көрініп еді. Сол минутта мен бар асылымды жоғалтқандай жай кештім. Ерікке қоймаған ол екі сақинаны қолыма өзі салып, құлағыма сырғаны өз қолымен тақты. Бетіме қарап:

— Міне, Еркіннің жары осындай сұлу, осындай бақытты, үлдемен бұлдеге оранады. Министрдің келіні осындай болады, — деп рақаттана күлді. Сол күні рестораннан ол мас болып зорға шықты. Бірақ сол тәртіпсіздікіне бірде-бір бөгде адам зекіп, не ескертпе жасаған емес. «Министердің еркесі», — деп озбырлығын да, тәртіпсіздігін де көтеріп жатты.

Көгілдір шам көк жібектей тамылжып төгіліп тұр. Айхан түрегеп тұрған бойы кітап сөрелерінің алдында едәуір бойлап өскен гүл шоғының қасына бір қадам таянып барды да:

— Қайсар, мына гүлді танысың ба? — деп бетіне сынай қарады.

— Жоқ. — Шынымды айттым.

— Бұл — «Түн ханымы» деген гүл гой. Иісін сездің бе? Күнгейлінің бәйшешегіндей емес пе? Бұл тек түнде ғана гүл жаратын гажайып өркен. Қазір көресің, қарап отыр, мына біреуі гүл жарғалы тұр. — Оның нұсқаған ақ тұмсық бүршігінен көз алмай қалдым. Әрбір ойына Күнгейліні қоспай сөйлемейді. «Сағынған-ау, балалық шағы өткен жерді» деп ойлады. Осы сәтте Айханның өзі де маған гүл атқалы тұрған «Түн ханымы» иісін емес, күнгейлінің кең жазығын, еспе қоңыр желдің, сафа ауаның иісін сезіп отырмын. Неткен гажап еді, тынысым кеңіп, көңілім асып барады.

— Диплом алған күні кеш ояндым. Біреу есік қағады. Қасымдағы қыздар ерте тұрып кетіпті.

— Кіруге рұқсат етіңіз. — Милиция қапитаны.

— Ағысова осында тұра ма?

— Иә.

— Қалай табар екенмін?

— Ол мен.

Не болғанын білмей жүрегім дүрс-дүрс соғып, қалалық ішкі істер бөліміне жеттім. Милиция подполковнигі қабылдады. Манағы қапитан да келді. Екеуі бір-біріне қарап, едәуір үнсіз отырды.

— Қызым, үріп ауызға салғандай, табиғат әдейі тіршілікке тарту еткен, көркем жаратылған жан екенсің. Қандай зұлымның тырнағына іліктің? Адам жанына дақ түссе, оны жуып тазартатын құрал жоғын білемісің? — деді подполковник шегірлеу көзін ызғарлы қадап.

Тілім байланып қалғандай аузыма сөз түсетін емес. Не болғанын да білмеймін. Тұла бойым қалтырап, жаурап кетті. Мен басымнан өткен қорлығым мен зорлығым туралы тірі жанға тіс жарған емеспін. Ендеше, бұл не?!

— Біле ме, айтып ескертіп пе едің, — деп ол капитанға қарады. Бірақ капитан үн қатқан жоқ. — Ендеше сіз, аса қауіпті қылмыскермен байланысыпсыз. — Төбеке мұздай су құйып жібергендей тас болып қатып қалдым.

— Еркінді білемісіз? — Үні қатқылданып барады.

— Иә... би кешінде танысып...

Подполковник сылқ-сылқ күліп алды да:

— Ұры, баукеспе! Бұған шейін Шығыс облыстарда талайды сазға отырғызған, көп ақшасы үшін екі адамның өмірін жойған...

Не болғаны білмеймін. Басым айналып, көзім қарауытып кетті. Сол сәтте менде өлуден басқа ой жоқ еді. Жүрегім мұздап кетті. Өзімді-өзім жұлып тастағым келді.

— Енді сабырет қызым. Адам көркі де от. Сұлулықты «жан азабы» деп бекер атамаған. Сен өртенуге жақын қалған жансың. Енді қалған өміріңе сақ болсаң да кеш болмас.

Капитанға қарап:

— Әкел әлгіні, деп бұйырды.

Ту сыртымнан есік айқара ашылды.

— Ешкім кінәлі емес, не жаза болса да өзім көтеремін, — деп Еркін дауыстап сөйлей кірді.

Мен оны екеуміз ғана білетін анадағы сұмдық оқиғадан кейін көруім. Бұрылып бетіне қарадым. Үсті-басы жырттылып, екі көзі көгеріпті. Денем түршікті. Туған күніме оның сыйға тартқан қолымдағы екі сақина мен сырғаны тез ағытып алдым да, бетіне қарай лақтырып жібердім. Ол бауырсақ қаққан тазыдай оларды лып еткізіп қағып алды да, кекесін күліп, тез түсін суытты.

— Мен сендей шүйкебастың мұндай пасық тәкәшпарлығын көтеретін адам емеспін. Тірі болсам ажалың менен, — деді ол айқайлап. ... Ол өзіне лайықты жазасын алды. Ал, мен ше?

Қыз маған сұраулы пішінде қиыла қарады. Бұл менің көп жылдар бойғы сіңген кеселден енді-енді сауығып, Алматыға келген күндерім еді. Соның алдында бір досымнан хат алғанмын, кей сөздеріне, әсіресе Айханға қатысты хабарына жүрегім қатты қобалжыған. Артынша айтса, айтқандай, күтпеген жайттардың куәсі болдым. Дүниеде өзіңнің жаныңды тебіrentіп, шығарда жаны басқа дейтін адамның шерменде халін құлағыңмен естуден өткен ауыр халді кім көрген.

Ашық қызыл ала гүлді жеңсіз көйлек киген оны әрбір орнынан тұрған сайын лашылдап жаныш бара жатқандай сезінгем. Бетінде қан-сөл, ажар қалмаған Айхан қыркүйек ұрған гүлдей қан-қара, екі көзінде бұлаудай жас еді...

— ...Сот залынан қалай шыққаным есімде жоқ. Астана алақанына салған кешегі аяулы жан, өмір еркесі, мына мен күлкім — күміре, тәнім — күл... Екі құлағым шулап, бүкіл қоршаған әлем: «Масқара, масқара» деп бетіме былш-былш түкіріп жағты. Сонда не болдым? — Қыз даусы үзіліп шықты. — Ол сенің алыс қалада операциядан кейін енді сауыға бастаған күндерің. Өзімді көрген осы жасымда, өзімді бір таныш білетін бір жанның көзіне түскім келмеді. Бар ойлап тапқаным — самолетке отырып осы бейтаныс қаладан бір-ақ шықтым. — Ол алақанымен бетін басып отырып қалды. Бірсыпырадан соң:

— Сенің жүрегің айнып кетті ме, Қайсар? Қанша жиіркенсең де, арымды кірлетсем де, адалдығым таза, — деді.

«Түн ханымы» аз уақыттың ішінде ал қызыл дала бәйшешегіндей үш гүл жарды. Иісі бұрқырап тұр. Айханның сырынан кейін жүрегім шымырлап кетті. «Ер жігіттің ішінде алтын ер тоқымды ат жатады. Жақсы әйелдің ішінде алтын айдарлы ұл жатады», деп неге айтылды екен, — деп те ойлаймын. Тағы да Айхан:

— Білмеген екенбіз. Барлық бақытты өмір Күнгейліде өтіпті-ау. Шіркін, сол бір бал көктем-ай! — деді таңдайын қағып, бір түрлі аянышты, өкінішті үнмен, — Мұнда кәзір «үндемес қыз» атандық.

— Үндемес? — Осы сөзді бүгін мен үшінші рет естіп отырмын.

— Иә, Үндемес.

— Неге?

— Сонда, мен сот алдынан шығарда ер адаммен тілдеспеспін, жүздеспеспін деп серт еткен едім. Соның

қорытындысы — ерлер алдында мылқаумын. Осы есігімнің тұтқасын бір ер адам ұстап, табаладырығымды аттаған емес. Тек сен, — Айханның даусы оқыс биіктеу шықты. — Сен ғана Қайсар, үйіме енген. Онда да өзім зорлап әкелдім! — Оның бетіне ықыласымды аударып таңырқай қарадым. Көзіме Күнгеілідегі жалғыз қайың түбінде отырып көрген, шолпан жұлдызы тағы да елестеп кетті. Айханның биязы үнінен жаныма жаңа бір леп ескендей болды. Сәл қозғалсам, құшақтай сүйгім келіп тұр. Буынымды бекітіп мелшиін қалдым.

...Айханның құрбысы Дәмелінің үйі. Расында, қыз үйі пейіш қой. Ошақтың үш бұрышына ұқсап бір столды жағалай отырмыз. Нелер қызықты әңгіме, кеншілер өмірі, жақсы кітап жайлы, бүгінгі дәуір тынысына қатысты жайттар айтылды. Дәмелі де көңілді отыратын жан екен. Мені ағалап, Айханға әзілдеп:

— Менің мамам сияқты қыбыр етсе «Дәмеш, Дәмеш» дейтін, аузыңнан «Қайсар, Қайсар» деген есім түспейтін еді. Қайсар ағаны көрген соң оныңнан жаңылыпсың ғой, — деді алдымызға дәм әкеле жатып. Мен Айханның жауабын айтқызбай:

— Жалған, — дедім. Айхан шоқ басқандай бетіме жалт қарады. Лезде көзі дөңгелене қалыпты. Ішінде асы бар табақты көтерген Дәмелі де аңтарыла қалған.

— Мейлің, сенбесең сенбе, жер бетінде тірі жүрсең болды, — деді ол орнынан қозғала берді. Көп жалынып, Дәмелі оны зорға қайта отырғызды. Сәлден соң қолына бір дәптерді алып ашқан Дәмелі:

«Ақмаралым құралай елікпісің,
Сен дегенде таусылған ерік-күшім.
Бар арманым тілегім өз қолыңда,
Қандай әмір берсең де еріктісің, —

деген өлең жолдарыңызды, «Жүректегі шоқ» атты әңгімеңізді оқығанбыз, — деді күліп.

Өзім жазған жолдар. Рас, алғашқы «Айханға» деген атпен жарық көрген жанымды жеген өлең шумақтары. Соңғысы да сол есімге байланысты лирикалық тебіренісім болатын...

Бәрі шындық. Кездейсоқ жолығысқан біздер сол түнде көпке дейін ұйықтай алмаған едік...